

«Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Тауарлар мен көрсетілетін  
қызметтердің сапасы мен  
қауіпсіздігін бақылау комитеті»  
РММ төрағасының  
20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_ бұйрығымен  
**БЕКІТІЛГЕН**

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)**

**Саудалық атауы**  
ВИФЕРОН®

**Халықаралық патенттелмеген атауы**  
Интерферон альфа-2b

**Дәрілік түрі, доза**  
Сыртқа және жергілікті қолдануға арналған жақпамай, 40000 ХБ/г

**Фармакотерапиялық тобы**  
Антинеопластикалық және иммуномодуляциялайтын препараттар.  
Иммуностимуляторлар. Интерферондар.  
Интерферон альфа-2b.  
АТХ коды L03AB05

**Қолданылуы**  
- 1 жастан бастап балаларда тұмауды және басқа ЖРВИ кешенді емі құрамында;  
- орналасуы әртүрлі терінің және шырышты қабықтың герпес инфекцияларын (Herpes simplex 1 және 2 типі) емдеу үшін.

**Қолдануды бастағанға дейінгі қажетті мәліметтер тізбесі**

***Қолдануға болмайтын жағдайлар***

- препарат компоненттерін жекелей көтере алмаушылық;
- 1 жасқа дейінгі балалар;
- 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге (терінің және орналасуы әртүрлі шырышты қабықтардың герпестік инфекцияларын (Herpes simplex 1 және 2 типі) емдеу үшін).

***Қолдану кезінде қажетті сақтық шаралары***

Арнайы сақтық шараларын қажет етпейді.

***Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі***

ВИФЕРОН® препараты, сыртқа және жергілікті қолдануға арналған жақпамай тұмау, тері мен шырышты қабықтардың вирусты (герпестік) зақымдануын қоса, ЖРВИ емдеуде қолданылатын барлық дәрілік препараттарымен біріктірімі мен үйлесімі жақсы. Басқа препараттармен өзара әрекеттесуі айқындалмаған.

### ***Арнайы ескертулер***

ВИФЕРОН® препаратын қолдану арнайы ескертулерді талап етпейді.

#### ***Педиатрияда қолдану***

1 жастан асқан және одан жоғары жастағы балаларда тұмау және басқа ЖРВИ кешенді емі құрамында қолданылады.

18 жастан жоғары пациенттерде терінің және орналасуы әртүрлі шырышты қабықтардың герпестік инфекцияларын (Herpes simplex 1 және 2 типі) емдеу үшін қолданылады.

#### ***Жүктілік пен лактация кезеңі***

Сыртқа және жергілікті қолданған кезде интерферонның жүйелі сіңуі төмен болғандықтан және препарат тек зақымданған ошаққа әсер ететіндіктен, жүктілік және лактация кезеңінде ВИФЕРОН®, жақпамай препараты қолданылуы мүмкін.

*Препараттың көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

ВИФЕРОН® препаратының көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етуі анықталмаған.

## **Қолдану бойынша ұсынымдар**

### ***Дозалау режимі***

Тұмау немесе басқа ЖРВИ емдеу үшін мұрын жолының шырышты қабығына жақпамайды: 1-ден 2 жасқа дейінгі балаларға ұзындығы 0,5 см аспайтын (2500 ХБ жуық) жақпамай жолағын; 2-ден 12 жасқа дейінгі балаларға ұзындығы 0,5 см аспайтын (2500 ХБ жуық) жақпамай жолағын; 12-ден 18 жасқа дейінгі балаларға ұзындығы 1 см аспайтын (5000 ХБ жуық) жақпамай жолағын жұқалап жағады.

Герпестік инфекция кезінде жақпамай зақымдану ошағына жұқа қабатпен жағылады.

### ***Енгізу әдісі және жолы***

Жақпамайды жағу үшін аппликатор ретінде мақта тампон қолданылады.

Тұмауды және басқа ЖРВИ-ды емдеу үшін жақпамайды «дозалау режимі» бөлімінде көрсетілген дозада мұрын жолдары шырышты қабығына жұқалап жағады. Жақпамайды жаққаннан кейін мұрын жолдары шырышты қабығына препаратты біркелкі бөліп жағу үшін танауларын уқалау қажет.

Герпестік инфекция кезінде жақпамай зақымдану ошағына жұқа қабатпен жағылады.

### ***Қабылдау уақыты көрсетілген қолдану жиілігі***

Тұмау немесе басқа ЖРВИ емдеу үшін мұрын жолының шырышты қабығына жақпамайды: 1-ден 2 жасқа дейінгі балаларға тәулігіне 3 рет; 2-

ден 12 жасқа дейінгі балаларға тәулігіне 4 рет; 12-ден 18 жасқа дейінгі балаларға тәулігіне 4 рет жұқалап жағады.

Герпес инфекциясы кезінде зақымданған ошаққа жақпамайды жұқа қабатпен тәулігіне 3-4 рет жағу керек.

Тері зақымдануының және шырышты қабықтың алғашқы белгілері (қышыну, шымылдатып ашыту, қызару) пайда болған кезде емдеуді бірден бастау ұсынылады. Қайталанған герпесті емдеу кезінде емдеуді продромальді кезеңде немесе қайталау белгілері енді пайда болғанда-ақ бастаған дұрыс.

#### ***Емдеу ұзақтығы***

Тұмау немесе басқа ЖРВИ емдеу ұзақтығы 5 күнді құрайды.

Герпес инфекциясы кезінде емдеу ұзақтығы 5-7 күнді құрайды.

#### ***Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажет шаралар***

Артық дозалану жағдайлары тіркелмеген.

#### ***Дәрілік препараттың бір немесе бірнеше дозасын өткізіп алу кездегі қажетті шаралар***

Қажеттілік жоқ.

#### ***Тоқтату симптомдары қауіпінің болуын көрсету***

ВИФЕРОН<sup>®</sup>, жақпамай препаратын қолданған кезде тоқтату симптомдарының пайда болу қаупі жоқ.

**Препаратты қолданар алдында қосымша парақты мұқият оқып шығыңыз, өйткені онда сіз үшін маңызды мәліметтер бар.**

**Егер сізде препаратты қолдану тәсілі жөнінде қосымша сұрақтар туындаса, медицина қызметкеріне кеңес алу үшін жүгініңіз.**

#### **Жағымсыз реакциялар**

ВИФЕРОН<sup>®</sup> препараты, сыртқа және жергілікті қолдануға арналған жақпамайы, көптеген жағдайда жақсы көтерімді. Мұрынның шырышты қабығына жаққан кезде жағымсыз әсерлер (ринорея, түшкіру, мұрын шырышты қабығын күйдіру) әлсіз және өтпелі сипатқа ие, әрі препаратты қолдануды тоқтатқаннан кейін өздігінен қайтады.

**Дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаны қоса алғанда, қандай да бір жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әрекеттер) бойынша ақпараттық дерекқорға тікелей жүгіну керек**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

#### **Қосымша мәліметтер**

***Дәрілік препараттың құрамы***

1 г жақпамайдың құрамында

*белсенді зат* - адамның рекомбинантты интерферон альфа-2b 40000 ХБ  
*қосымша заттар*: альфа-токоферол ацетаты, сусыз ланолин, медициналық вазелин, шабдалы майы, кальций пантотенаты, натрий бензоаты, адамның альбумині, натрий ацетатының тригидраты, натрий хлориді, динатрий эдетат дигидраты, тазартылған су.

***Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы***

Ланолинге тән иісі бар, ақшыл сарыдан сары түске дейінгі жақпамай.

**Шығарылу түрі мен қаптамасы**

Сыртқа және жергілікті қолдануға арналған жақпамай 40000 ХБ/г. 12 г алюминий сықпада. 1 сықпа медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен картон қорапшаға салынады.

**Сақтау мерзімі**

2 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

**Сақтау шарттары**

2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Ашылғаннан кейін сақтау мерзімі 3 ай.

**Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецептсіз

**Өндіруші**

«ФЕРОН» ЖШҚ Ресей. 123098, Мәскеу қ-сы, Гамалея көш., 18 үй, телефон/факс +7(499)193-30-60, электронды поштасы: [info@viferon.su](mailto:info@viferon.su).

**Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**

«ФЕРОН» ЖШҚ, Ресей. 125424, Мәскеу қ-сы., Волоколамск тас жолы, 73 үй, телефон/факс +7(499)193-30-60, электронды пошта: [info@viferon.su](mailto:info@viferon.su).

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)**

«БиоФерон» ЖШС, Қазақстан Республикасы. 050059, Алматы қ., Самал-2 к-сі, 56А үй, тел/факс: +7(727)264-63-15, электронды пошта: [info@viferon.su](mailto:info@viferon.su).